



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1999 жылғы 11 тамыз N 188. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2003.12.31. N 1271 жарлығымен (2004 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді)

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1 . Ұ с ы н ы л ы п о т ы р ғ а н :

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереже (N 1 қосымша);
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалпы штат саны 4000 адам болатын құрылымы бекітілсін (N 2 қосымша).

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы

1 1 т а м ы з д а ғ ы

N 1 8 8

Ж а р л ы ғ ы н а

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Қазақстанның Ұлттық Банкі) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады әрі Қазақстан Республикасының банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығында белгіленген шекте Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді, өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заң күші бар Жарлықтарын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық және заң актілерін, Қазақстан Республикасы

Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алып отырады.

2. Қазақстанның Ұлттық Банкі заңды тұлға - ұйымдық-құқықтық нысанда - мемлекеттік мекеме болып табылады, оның дербес балансы бар, толық шаруашылық есеп принципінде жұмыс істейді және өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен және ұйымдарымен бірге сатылап бағыну жолындағы орталықтанған біртұтас құрылым.

Қазақстанның Ұлттық Банкі заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде өздері болатын елдің заңдарын ескере отырып филиалдары мен өкілдіктерін аша алады.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

3. Қазақстанның Ұлттық Банкі өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметімен үйлестіреді және онымен ұдайы консультация өткізіп отырады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі өз қызметінде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын басшылыққа алады, Үкіметтің экономикалық саясатын ескеріп отырады және егер ол өзінің негізгі қызметін орындауы мен ақша-кредит және валюта саясатын жүзеге асыруына қайшы келмейтін болса, оны жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Үкімет Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Қазақстанның Ұлттық Банкі де мұндай жауапкершілік алған кезде болмаса, Үкіметтің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Өкілді және атқарушы өкімет органдары Қазақстанның Ұлттық Банкінің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының заңмен бекітілген өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне араласуға хақысы жоқ.

4. Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдары негізінде және оларды орындау үшін өз құзырына жататын мәселелер бойынша барлық банктер, сақтандыру ұйымдары, Қазақстанның Ұлттық Банкі берген лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және олардың клиенттері, бағалы қағаздар рыногының субъектілері, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында міндетті түрде орындайтын нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері оның ресми басылымдарында - "Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысында", "Вестник Национального Банка Казахстана" қазақ және орыс тілдерінде жарияланып отырады.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен.

5. Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы жазылған мөрі, сондай-ақ өз белгісі

б о л а д ы .

Қазақстан Ұлттық Банкі филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының
ө з м ө р і б а р .

Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мекен-жайы: 480090, Алматы қаласы, "Көктем-3" шағын ауданы, 21-үй. Орталық аппараттың жекелеген бөлімшелерінің бір бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Астана қаласындағы Орталық филиалының үйіне орналасқан: 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21-үй.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі міндеттері, қызметі, өкілеттіктері және құқықтары

6. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының ішкі және сыртқы орнықтылығын қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Ұлттық Банкіне сонымен қатар:

1) мемлекеттің Қазақстанның экономикалық даму мақсаттарына жетуіне және оның дүниежүзілік экономикаға кірігуіне жәрдемдесетін заңда айналымы, кредит , банктер мен олардың клиенттерінің арасындағы ақша аударымын ұйымдастыру және валюталық қатынастар саласындағы саясатын әзірлеу және жүргізу;

2) ақша, кредит және банк жүйесінің тұрақты қызметін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының және сақтандыру р ы н о г ы н ы ң ;

2-1) бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу;

2-2) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және б а қ ы л а у ;

3) банк қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдау және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жолымен банк кредиторлары мен салымшыларының мүддесін қорғау жүктеледі.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен .

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен.

6-1. Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органы ретіндегі негізгі міндеттері мыналар:

1) бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын қатынастарды мемлекеттік р е т т е у ;

2) бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтарын және заңнамалық актілермен қорғалатын мүдделерін қорғау;

3) бағалы қағаздар рыногының субъектілері сақтауға міндетті талаптарды белгілеу ;

4) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының, олардың дербес реттелетін ұйымдарының, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногындағы қызметі лицензиялар немесе рұқсаттар негізінде жүзеге асырылатын басқа да тұлғалардың қызметіне қадағалауды жүзеге асыру;

5) жеке тұлғалардың - бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының кәсіби деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі оқыту жүйесін ұйымдастыру.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен.

6-2. Қазақстан Ұлттық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау органы ретіндегі негізгі міндеттері мыналар :

1) жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу ;

2) халықтың жинақталған зейнетақы қаражатын қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларының тұрақты қызметін қамтамасыз етуге жәрдемдесу ;

3) жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының және/немесе алушыларының мүдделерін қорғау.

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен.

7. Қазақстанның Ұлттық Банкі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі қызмет атқарады :

1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында банкноттар мен металл ақшалардың эмиссиясын жүзеге асырады;

3) банктердің банк қызметін жүзеге асырады;

4) Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен келісе отырып, банк, қаржы жөніндегі кеңесші және агент қызметін жүзеге асырады;

5) банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмысына бақылау жасайды және қадағалайды, сонымен бірге шоғырландырылған негізде бақылау жасайды және қадағалайды сондай-ақ олардың қызметін реттейді;

6) Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады ;

7) Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін басқарады;

7-1) бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік тіркеу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру;

7-2) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру;

8) сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау, сонымен бірге шоғырландырылған негізде қадағалау жөніндегі міндеттері мен өкілеттіктерін жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен.

Ескерту. 7-2)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен.

8. Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізу мақсатында:

1) айналымдағы ақша массасының көлемін реттейді;

2) Қазақстан Республикасында мемлекеттік ақша-кредит саясаты шеңберінде ресми ставкаларды өзгерту жолымен кредит жөніндегі сыйақының (мүдденің) рыноктық ставкаларының деңгейін реттеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы инфляция процестеріне ақша-кредиттік реттеу әдістері арқылы бақылау жасау мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі кредит көлемін және олар бойынша сыйақының (мүдденің) банктік ставкаларын шектеуге құқылы.

Инфляция процестерін ақша-кредиттік реттеудің жанама әдістерімен тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі операциялар мен мәмілелердің жекелеген түрлері бойынша ставкалардың ең жоғары деңгейін белгілеу, кредиттеуді шектеу, сыйақы (мүдде) ставкаларын доғару және жекелеген салалардың дамуын ынталандыру немесе ұстап тұру мақсатында кредиттің жекелеген түрлерін тікелей реттеу жолымен тікелей сандық шектеу қоюға құқылы;

3) мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылатын өзінің жеке бағалы қағаздарын шығарады;

4) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

5) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қарауына мемлекеттік бағалы қағаздардың банк жүйесінің өтімділігіне ықпалын және ақша-кредит саясатының басымдықтарын ескере отырып, олардың ай сайынғы көлемі мен шығару кестесі және мемлекеттік қарызды өтеу мәселелері жөнінде ұсыныс енгізеді, сондай-ақ қаржылық ұйымдарды мемлекеттік бағалы қағаздарды алғаш орналастыруға қатыстыру шарттары жөнінде ұсыныс енгізеді;

6) айналымдағы ақша массасының бір немесе бірнеше көрсеткіштеріне мақсатты бағдар белгілейді;

- 7) өз операциялары бойынша сыйақы (мүдде) ставкаларын белгілейді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми есептік (дисконттік) ставка белгілейді және вексельдерді қайта есептейді;
- 9) валюта рыногындағы интервенцияны жүзеге асырады;
- 10) ең төменгі міндетті резервтер нормативін, оның ішінде тартылған қаражаттың нормативін мерзіміне, көлеміне және түріне қарай бөле отырып белгілейді (резервтік талаптар);
- 11) Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберілетін төлем құралдарының түрлерін анықтайды және олардың айналымға шығу тәртібін белгілейді.

9. Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының аумағында банкноттар мен металл ақшалар эмитентінің қызметін іске асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен металл ақшаның көрсетілген құнының құрылымын, дизайнын, сондай-ақ банкноттар мен металл ақшаның қажетті мөлшерін анықтайды және олардың дайындалуын қамтамасыз етеді;

2) қолма-қол ақша шығару, банкноттар мен металл ақшаны банктерге сатып, аударым баламасын алу жолымен олардың айналымын ұйымдастыру жөнінде а й р ы қ ш а қ ұ қ ы ғ ы б а р ;

3) бұрын қолданыста болған банкноттар мен металл ақшаның төлемге алынуын және айырбасталуын анықтау, оларды айналымнан алып тастау, сақтау және жою тәртібін белгілейді;

4) қолма-қол банкноттар мен металл ақшаны есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау ережесін белгілейді, банкноттар мен металл ақшаны тасымалдауды, сақтауды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, резервтік ақша қорын жасайды.

10. Қазақстан Ұлттық Банкі банктердің банк қызметін жүзеге асыру ма қ с а т ы н д а :

1) Қазақстан Республикасында қайта қаржыландыру жүйесін ұйымдастырады ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығында көзделген жағдайларда болмаса , Қазақстан Ұлттық Банкінде ашылған банктік есепшоттардың иелеріне алты айдан аспайтын мерзімге өтімділігі жоғары, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және басқа да активтермен қамтамасыз етілген кредит береді;

3) екінші деңгейдегі банктер үшін соңғы сатыдағы кредитор болып табылады, осыған байланысты оларға ұлттық және шетелдік валютамен Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіп пен мерзімде қамтамасыз етілген әрі қамтамасыз етілмеген кредит беруге құқылы;

4) төлем жүйесінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және реттейді әрі:
- төлем және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру ережелері мен тәсілдерін қолдану ерекшеліктерін, төлем нұсқауларының мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды;

- банктерге және олардың клиенттеріне кассалық қызмет көрсету тәртібін белгілейді;

5) клиенттің банктік есепшотына ақшаның қате есептелгені анықталған жағдайда, оны есепшоттан алып қоюға құқығы бар, клиенттің банктік есепшотынан ақшаны алуға оның келісімін растайтын құжаттар болған жағдайда, клиенттің банктік есепшотын дебеттеуге құқылы;

6) банктер мен басқа да ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкі берген кредиттер бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі алдындағы берешегінің құрылымын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен және талаптар бойынша қайта жасауға құқылы.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

11. Қазақстанның Ұлттық Банкі Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен келісе отырып, банк, қаржы жөніндегі кеңесші, агент қызметін жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып оның мемлекеттік қарызына қызмет етуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік қарызына қызмет етеді;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаражатын орналастырады, төлем жасайды және Үкіметтің есепшоттары бойынша өзге де операцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ оған басқа да қызмет көрсетеді.

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жасасқан келісім негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырады;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бірыңғай қазынашылық есепшотына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының облыстық (аумақтық) басқармаларының есепшоттарына қызмет етеді;

5) кредиттің заемшыларға жетуін жүзеге асырады;

6) басқа да қызмет көрсетеді.

12. Қазақстанның Ұлттық Банкі банктердің сонымен бірге шоғырландырылған негізде қызметін бақылау мен қадағалауды және олардың қызметін реттеуді жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының аумағында банктер ашуға және олардың ерікті түрде қайта құрылуы мен таратылуына рұқсат береді, банктердің филиалдар ашуына (олардың бірігуіне) және өкілдіктерін ашуына, ал

резидент-банктер үшін республика аумағынан тыс жерде де келісім береді; жеке және заңды тұлғалардың банктің және банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуіне келісім береді;

2) банк заңдарында көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа операциялар жүргізуге, бағалы қағаздар рыногында клирингтік қызметті және банк жұмысында аудиторлық тексерісті жүзеге асыруға лицензия б е р е д і ;

3) өзі белгілеген тәртіппен банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылтай құжаттарын міндетті түрде сараптаудан өткізеді, сондай-ақ банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуге, банктің басшы қызметкерлерін тағайындауға (с а й л а у ғ а) к е л і с і м б е р е д і ;

4) банк қызметі, есепке алу, төлемдер және ақша аударымы, заңмен белгіленген өкілеттік шегінде валюталық операцияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша барлық банктер және олардың клиенттері орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады, сондай-ақ олардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады;

5) оған берілген өкілеттік шегінде уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып, бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері және статистика мәселелері жөнінде банктердің бухгалтерлік есебінің стандарттарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың статистикалық есеп беру тізбесін, нысандары мен ұсыну м е р з і м д е р і н б е л г і л е й д і ;

5-1) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін заң актілеріне сәйкес банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ олардың қосылма тұлғаларының қаржылық есебінің тізбесін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нысандарын, ұсыну м е р з і м і н б е л г і л е й д і ;

6) егер заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісе отырып, төлемдер мен ақша аударымын реттеу мақсатында банктер мен барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жүзеге асыратын банктік есепшоттары бойынша төлемдердің кезектілігін белгілеуге құқылы;

7) банктер үшін лицензиялық рәсімдер мен нормативтер белгілейді;

8) банктердің бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына келісім береді;

9) банктердің, олардың филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін тексереді, оның ішінде тұрған жеріне барып немесе аудиторлық ұйымды шақырып тексереді, және олардан, сондай-ақ заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік

органдардан, ұйымдардан және азаматтардан өзінің бақылау және қадағалау қызметін дұрыс жүзеге асыруға қажетті деп санайтын ақпарат алады және алынған ақпараттар бойынша түсінік беруін талап етеді;

9-1) банктік топтардың қызметін реттейді және банктердің қосылма тұлғаларының қызметін банктердің қызметіне тигізетін ықпалының дәрежесі мен сипатын айқындау мақсатында ғана Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тексереді;

10) банктер үшін, оның ішінде банктік топтар үшін шоғырландырылған негізде есеп айырысу әдістемесі мен пруденциалдық нормативтердің қолданылу принциптерін және банктер орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді анықтайды;

11) банктер үшін ашық валюта айқындамасын есепке алу және осы айқындаманы бақылау тәртібін анықтайды;

12) үмітсіз және күмәнді активтерді қамтамасыз ету үшін провизияларды қалыптастыру тәртібін анықтайды;

13) банктер және олардың қосылма тұлғалары оның құзыретіне енетін заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзған жағдайда, оларға ықпал етудің шектеу шараларын, санкциялар, мәжбүр ету шараларын, сондай-ақ заң актілерінде көзделген өзге де ықпал ету шараларын қолданады;

14) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзу, оларға айыппұл салу және олардан өндіріп алу туралы істерді қарайды;

15) банктерден банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, сондай-ақ олардың қосылма тұлғаларынан өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік, статистикалық және басқа да есеп беру құжаттарын алып отырады;

16) банк есепшоттарының түрлері мен құқықтық тәртібін, банк есепшоттарын ашу, пайдалану және жабу тәртібі мен шарттарын белгілейді;

17) заңды тұлға мәртебесі жоқ және банктер тұрған жерден тыс жерлерде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өкілдіктер немесе филиалдар болып саналмайтын банктер ашатын есеп айырысу-касса бөлімдерін (жинақ кассаларын) - аумақтық бөлімшелерін ашуға келісім береді және арнайы есеп жүргізеді;

17-1) ерікті және еріксіз таратылатын банктердің тарату комиссияларының қызметіне бақылау жасайды, ерікті таратылатын банктердің кредиторлар комитеттерінің құрамын бекітеді, банктердің тарату комиссияларымен бірлесіп еріксіз таратылатын банктердің кредиторлар комитеттерінің құрамын соттың бекітуіне ұсынады, еріксіз таратылатын банктер кредиторларының тізілімін

соттың бекітуіне ұсынады, банктердің тарату комиссияларының есеп беру нысандарын, мерзімін және кезеңін, таратылатын банктердің аралық баланстарының, олардың қосымшаларының нысандарын және тарату баланстарының нысандарын белгілейді;

17-2) егер банктердің қосылма тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан реттелуге және қадағалануға тиіс болған жағдайда, олармен реттеу және қадағалау туралы, соның ішінде бір-бірімен ақпарат алмасу бөлігінде келісім жасасады;

17-3) банктің және (немесе) банктік холдингінің ірі қатысушысының акцияларын сенімді басқаруы, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен - банктер кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және капиталының теріс мөлшері бар екінші деңгейдегі банктердің акцияларын бұдан кейін жаңа инвесторларға міндетті түрде тез арада сату шарттарымен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдайды;

17-4) ірі қатысушыларды және банктік холдингтерді анықтау мақсатында банктің тікелей немесе жанама қатысушыларының құрылтай құжаттарын, қаржылық есепті және заң актілерінде көзделген жағдайларда банктің қосылма тұлғаларының өзге де ақпарат беруін талап етеді.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді, толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен

13. Валюталық реттеуді және валюталық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар бойынша валюталық реттеуді жүзеге асыру тәртібін белгілейді және шетел валютасымен операциялар жүргізуге қажетті шектеулер енгізеді;

2) резиденттердің және резидент еместердің Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтармен операция жүргізу ережелерін белгілейді;

3) валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан міндетті түрде аудару, әкелу, әкету және жіберу тәртібін белгілейді. Резиденттер үшін Қазақстан Республикасына шетел валютасын міндетті түрде аудару тәртібін белгілейді, сондай-ақ шетел банктерінде Қазақстан Республикасы резиденттерінің есепшоттарын ашу шарттарын айқындайды;

4) валюта туралы заңда көзделген валюта операцияларын жүргізуге лицензиялар мен тіркеу куәліктерін береді және оны беру, тіркеу ережелерін

б е л г і л е й д і ;

5) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының шетел валютасына шаққандағы бағамын реттейді, оның ішінде кеден және салық төлемдері, сондай-ақ шетел валютасымен және қымбат металмен операция бойынша Қазақстан теңгесінің рыноктық құнын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамын белгілеу жолымен реттейді;

6) алтын-валюта активтерімен операцияны қалыптастырады және жасайды;

7) уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын барлық резиденттердің, сондай-ақ резидент еместердің орындауы үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есеп жүргізу мен есептемелердің тәртібін, н ы с а н ы н б е л г і л е й д і ;

8) Уәкілетті банктердің тізбесін жүргізеді және жариялап отырады;

9) лицензиаттардың Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген санкциялар қолдануға құқылы;

10) халықаралық есеп айырысуды ұйымдастырады, шет елдермен қаржы-валюталық және кредиттік-есеп айырысу қатынастарын жетілдіреді;

11) жасалған мемлекеттік шарттарға сәйкес шетелдік және халықаралық ұйымдардан шетел валютасын тартады;

12) қымбат металдардан басқа валюталық құндылықтарды сыртқа шығаруға рұқсат береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резидент еместерінен алынған банк кредиттерінің есебін жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының резидент еместерінен қосымша кредит тарту мәселелері жөнінде ұсыныс енгізеді;

14) тауарды (жұмысты, қызметті) экспорттаудан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату режимін енгізеді және тоқтатады;

15) банктерге қымбат металдармен және зергерлік бұйымдармен операция жасауға байланысты лицензия береді;

16) валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да қызмет а т қ а р у ғ а құқылы .

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

14. Қазақстанның Ұлттық Банкі валюта құндылықтарымен, мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

1) шет ел валютасын сатып алуға және сатуға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі, шет мемлекеттердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және кепілдік берген бағалы

қағаздарды сатып алуға, сатуға немесе олармен операция жасауға;

3) өздері тіркелген мемлекеттердің заңдарына сәйкес тиісті құқы бар шетелдік орталық және басқа банктерде, қаржы мекемелерінде, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарында есепшот ашуға;

4) өздері тіркелген мемлекеттердің заңдарына сәйкес тиісті құқығы бар шетелдік орталық және басқа банктер, өзге де қаржы мекемелері, шетел үкіметтері мен олардың агенттері, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары үшін есепшот ашуға және жүргізуге, өкіл немесе корреспондент ретінде қызмет е т у г е ;

5) тазартылған алтынды, қымбат металды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды қабылдауға және сақтауға;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің тапсыруымен Қазақстан Ұлттық Банкінің қоймасында үкіметтік (бюджеттік) резервке бөлінген құндылықтарды сақтауға, қабылдауға;

7) Қазақстан Республикасының аумағында және сыртқы рынокта тазартылған алтын мен басқа да қымбат металдарды сатып алу және сату жөнінде операция ж а с а у ғ а ;

8) қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасына валюталық құндылықтарды және қымбат металдарды әкелуге, сондай-ақ оларды шетел банктеріндегі және мамандандырылған қаржы ұйымдарындағы өздерінің есепшоттарына орналастыру үшін шетелге шығаруға;

8-1) ең төменгі деңгейін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын кредиттік рейтингі бар эмитенттер шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға, сатуға немесе олармен операциялар жүргізуге;

8-2) ең төменгі деңгейін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын кредиттік рейтингі бар эмитенттер шығарған банкаралық депозиттер, репо және кері репо, депозиттік сертификаттар, коммерциялық қағаздар және басқа да борыштық міндеттемелер сияқты ақша рыногы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға;

8-3) кредиттік рейтингтері Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын деңгейден төмен емес қарсы әріптестермен форвардтық операциялар, своп операциялары және опциондық операциялар сияқты туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға;

8-4) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен басқа да операцияларды жүзеге асыруға.

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

15. Қазақстанның Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерін басқару ма қ с а т ы н д а :

1) Қазақстан Республикасының қымбат металдарға және асыл тастарға байланысты қатынастарды реттейтін заңдарына сәйкес құйма түріндегі тазартылған алтынды қазақстандық және басқа осындай металл өндірушілерден (с а т у ш ы л а р д а н) с а т ы п а л а д ы ;

2) Қазақстан теңгесіне шетел валютасын (ескерткіш және кәдесыйлық металл ақшаны қоса) және Қазақстан Республикасының резиденттерінен және резидент еместерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінен шетел валютасын с а т ы п а л а д ы ;

3) депозиттерді орналастырады және банктер үшін соңғы сатыдағы кредитор ретінде шетел валютасымен кредит береді;

4) шетел валютасымен дилингтік операцияларды және шетел валютасымен күшейтілген бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асырады;

5) тазартылған алтынды, күмісті, платинаны және платина тобындағы басқа да металдарды сатып алады, сатады, депозитке салады және басқа да о п е р а ц и я л а р ж а с а й д ы ;

6) халықаралық қаржы ұйымдарынан, шет мемлекеттердің орталық банктерінен және басқа кредиторлардан кредит алады;

7) шетел валютасымен төленетін консультациялық, ақпараттық-баспалық және басқа қызмет көрсетеді;

8) айырбастау бағамының және ішкі валюта рыногындағы шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықты болдырмау саясатын қоса алғанда ақша-кредит саясатын жүргізу мақсатында ішкі валюта рыногында в а л ю т а с а т а д ы ;

9) шетелдегі дипломатиялық және басқа өкілдіктерді қаржыландыруды және іссапар шығындарын қоса алғанда өнім (жұмыс, қызмет) импортына төлеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік сыртқы қарызына мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Ұлттық Банкі сметасының (бюджетінің) қаражаты есебінен қызмет көрсету үшін теңгені шетел валютасына айырбастайды;

10) басқа шетел валютасын сатып алу үшін шетел валютасын сатады;

11) негізгі қарыздың және алынған кредиттер бойынша есептелген сыйақының (мүдденің) сомасын қайтарады, сондай-ақ комиссиялық және соған байланысты басқа да шығындарды төлейді;

12) қалыптасқан провизиялар (резервтер) есебінен шығынды алтын-валюта активтерін есептен шығарады.

15-1. бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдықтарды белгілейді;

2) Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногының қызмет етуін

камтамасыз ету және бағалы қағаздардың ұлттық рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтарын және заңнамалық актілермен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік с а я с а т т ы жү р г і з е д і ;

3) өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері сақтауға міндетті бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

4) заң актілеріне сәйкес азаматтық құқық объектілерін бағалы қағаздар, оның ішінде туынды бағалы қағаздар деп таниды; <*>

5) өзі белгілеген тәртіппен және талаптарда: бағалы қағаздар, оның ішінде шығарылған туынды бағалы қағаздар эмиссияларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, оларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін береді, бағалы қағаздарды, оның ішінде туынды бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерді қарайды, осындай есептерді бекітеді не оларды бекітуден бас тартады, сондай-ақ акциялардың эмиссияларының күшін жояды; <*>

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында орналастыруға және айналысқа жіберуге р ұ қ с а т б е р е д і ;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті, бағалы қағаздармен жасалатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметін және заңнамаға сәйкес лицензияланатын бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар береді, осындай лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады және жаңартады;

зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидатураларды бекіту үшін келісім береді;

бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат береді, осындай рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұрады және жаңартады, олардың қолданылу мерзімін ұзартады және қ а й т а р ы п а л а д ы ;

бағалы қағаздар рыногында жұмыс істегісі келетін жеке тұлғалардың аттестациясын жүзеге асырады, аттестациядан өткен тұлғаларға біліктілік куәліктерін береді, біліктілік куәліктерінің иелеріне қайта аттестация жүргізеді және қайта аттестациядан өткен тұлғалар үшін біліктілік куәліктерінің қолданылу мерзімін ұзартады, біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтата тұрады және жаңартады, біліктілік куәліктерін қайтарып алады;

б) бағалы қағаздарды орналастыруды және бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді (бағалы қағаздар айналысы) тіркеуді тоқтата тұрады және жаңартады, бағалы қағаздар эмиссияларын өткізілмеді деп таниды;

7) өзі белгілеген тәртіппен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар мен рұқсаттардың тізілімін жүргізеді;

8) мыналарды:

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің жаңа түрлерін; қаржы тұрақтылығының өлшемдерін, қаржы тұрақтылығының өлшемдерін есептеу әдістемесін және қолдану принциптерін, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің шекті мәндерін;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті және қызметтің басқа да лицензияланатын түрлерін жүзеге асыру ережесін, оның ішінде бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жасау шарттарына және тәртібіне, осы операцияларды есепке алуға және олар бойынша есеп беруге қойылатын талаптарды;

бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және басқа да есеп беру тізбесін, нысандарын, ұсыну және жариялау мерзімін анықтайды; мемлекеттік емес облигацияларды шығару тәртібі мен шарттары; < * >

туынды бағалы қағаздарды шығару тәртібі мен шарттары; < * >

9) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын басқа тұлғалардың қызметіне қадағалауды жүзеге асырады;

10) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және басқа институционалдық инвесторлардың инвестициялық қызметін реттейді;

11) Қазақстан Ұлттық Банкінің рұқсаты негізінде бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды дайындау жөнінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс тәртібіне талаптар белгілейді және осы талаптардың сақталуына бақылау жасайды;

12) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін заңнама нормаларын сақтауына бақылау жасайды; бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін, оның ішінде сол орында тексеру арқылы және кеңесшілер ретінде бағалы қағаздар рыногының мәселелері жөніндегі мамандарды тарта отырып тексереді;

13) мемлекеттік органдардан және бағалы қағаздар рыногының субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау функцияларын дұрыс жүзеге асыру үшін қажет деп санайтын ақпарат сұратуға және алуға құқылы, сондай-ақ алынған ақпарат бойынша түсініктеме талап етуге және алуға құқылы;

14) бағалы қағаздар рыногының мәселелері бойынша ақпарат жариялайды; бұқаралық ақпарат құралдарында және өздерінің хабарламаларында, есептерінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері туралы мәліметтерді (коммерциялық, банктік, қызметтік құпиялардан немесе жеке басының құпиясынан тұратын мәліметтерді қоспағанда) жариялауға құқылы, сондай-ақ олардың бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне қатысты қабылдаған шаралары туралы ақпаратты жария етуге құқылы;

15) бағалы қағаздар рыногын реттейтін шетелдік органдармен бағалы қағаздар рыногын реттеу, бағалы қағаздар рыногында заң бұзушылықтарды болдырмау және жолын кесу жөнінде қабылданған шараларды үйлестіру жөніндегі мәселелер және өзара мүддесін білдіретін басқа да мәселелер бойынша өзара іс-әрекет етеді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жөніндегі басқа да функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен.

Ескерту. 15-1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен.

Ескерту. 15-1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.12.29. N 1009 жарлығымен.

15-2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында **Қ а з а қ с т а н** **Ұ л т т ы қ** **Б а н к і :**

1) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялайды;

2) жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, басшы қызметкерлеріне және мамандарына, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталының мөлшеріне және құрамына қойылатын талаптарды белгілейді;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларындағы басшы лауазымдарға үміткер азаматтардың біліктілік емтихандарын тапсыру тәртібін белгілейді;

4) жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілейді;

5) өз құзыреті шегінде жинақтаушы зейнетақы қорларының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді жүзеге асырады;

6) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарынан және инвестициялық кірістен процент түрінде алатын комиссиялық сыйақылардың шектеулі көлемін белгілейді;

7) өз құзыреті шегінде жинақталған зейнетақы қаражатының түзілуін және мақсатқа сай пайдаланылуын бақылайды;

8) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелерін бекітеді;

9) таратылатын мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, зейнетақы шарттары бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін белгілейді;

10) өз құзыреті шегінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

11) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарынан және өзге де ұйымдарынан, сондай-ақ жеке тұлғалардан қажетті құжаттарды сұратуға және алуға құқылы;

12) мемлекеттік және коммерциялық құпияны білдіретін ақпараттың сақталуын, жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық есебінің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

13) жинақтаушы зейнетақы қорларының, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларын тарату комиссияларының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

14) жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық және статистикалық есептерін қарайды;

15) мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыруға және ерікті таратуға рұқсат береді;

16) жинақтаушы зейнетақы қорлары заңнаманы бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген ықпал ету шараларын қолданады;

17) алушылардың жеке шоттарындағы зейнетақы қаражатын есепке алу тәртібін белгілейді және зейнетақы жарналарын есепке алудың дұрыс жүргізілуіне және жинақтаушы зейнетақы қорлары алушыларының жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық кірістің есептелуіне бақылауды жүзеге асырады;

18) жинақтаушы зейнетақы қорларының сақталуға тиісті негізгі құжаттарының тізбесін және олардың сақталу мерзімін белгілейді;

19) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен.

16. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі жұмысты және өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін және

ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын қалыптастыруды, сақтанушылардың және сақтандыру рыногының өзге де қатысушыларының заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік саясат жүргізеді;

2) сақтандыру қызметі және оны қадағалау мәселелері жөнінде өз өкілеттігі шегінде барлық сақтандыру рыногының қатысушылары орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

3) сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді, жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшерін қоса, белгілейді және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

4) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және сақтандыру рыногындағы брокерлердің, актуарийлердің және уәкілетті аудиторлардың қызметін лицензиялайды;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға, оларға бақылау жасау құқығын алуға, олардың ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына және таратылуына рұқсат береді, Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім береді;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлеріне арналған біліктілік талаптарын белгілейді, оларды сайлауға (тағайындауға) келісім береді;

7) сақтандыру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды және сақтандыру брокерлерін тексереді (инспекциялайды);

8) сақтандыру рыногы субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыруына қажетті ақпарат алады;

9) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары, сақтандыру брокерлер беретін қаржылық және басқа есептің тізбесін, нысанын, мерзімін айқындайды;

9-1) уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есебінің стандарттарын белгілейді;

9-2) уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп статистика мәселелері бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің статистикалық есеп беру тізбесін, нысандары мен мерзімдерін белгілейді;

9-3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, олармен қосылма тұлғалардың және олардың құрылтайшы адамдарының, сондай-ақ консорциумдарға қатысушы ұйымдардың және сақтандыру мен қайта сақтандыру ұйымдарының қатысуымен құрылған жай серіктестіктердің

қызметіне шоғырландырылған қадағалау ережелерін айқындайды;

10) сақтандыру статистикасын дайындау, сақтандыру рыногының жағдайына экономикалық талдау жасау үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қауымдастықтарынан, одақтарынан және бірлестіктерінен, мемлекеттік органдардан тиісті ақпарат алып отырады;

11) қолданылып жүрген заңдарда көзделген негізде сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру брокерлеріне, актуарийлерге және уәкілетті аудиторларға берілген лицензияны қолдануды және қайтарып алуды тоқтата тұру туралы шешім, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметін сот тәртібімен тоқтату жөнінде шара қабылдайды;

11-1) ерікті және еріксіз таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін бақылайды, тарату комиссияларының ұсынуы бойынша ерікті таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының кредиторлар комитеттерінің құрамын бекітеді, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларымен бірлесе отырып, еріксіз таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының кредиторлар комитеттерінің құрамын соттың бекітуіне ұсынады, еріксіз таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары кредиторларының тізімдемесін соттың бекітуіне ұсынады, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының тарату комиссиялары беретін есептің нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін, аралық баланстардың және оның қосымшаларының нысандарын және таратылатын сақтандыру мен қайта сақтандыру ұйымдарының тарату баланстарының нысандарын белгілейді;

11-2) активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша оларды сыныптау ескеріле отырып, есептелген құны мен міндеттемелері арасында теріс айырма бары анықталған жағдайда, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының акцияларын олардың акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алып, оларды сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерді орындауға кепілдік беретін талаптармен сатып алуға тілек білдірген жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдайды;

12) басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалайтын орталық органдарымен қатынастарда, халықаралық және басқа сақтандыру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

13) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның басқа да қызметін және өкілеттігін жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

17. Қазақстанның Ұлттық Банкі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес:

1) Қазақстанның Ұлттық Банкіне жүктелген қызметті жүзеге асыруға көмектесетін және (немесе) қаржылық рыноктың инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын ұйымдар құруға және оның жұмысына қатысады;

2) Қазақстан Республикасы банктерінің жиынтық балансын және өз балансын жасап, оны үнемі жариялап отырады;

3) еліміздің есептік төлем балансын қалыптастырады және төлем балансы көрсеткіштерінің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжамды бағаларын әзірлеуге қатысады, мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы займдар жөніндегі шарттарды тіркейді және мониторингін жүзеге асырады және еліміздің жалпы сыртқы қарызының бағасын қалыптастырады;

4) депозиттер қабылдайды, төлем мен ақша аударымын жүзеге асырады, бағалы қағаздарды және басқа да құндылықтарды сақтауға қабылдайды және б а с қ а р а д ы ;

5) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктер мен қаржы ұйымдарында есепшот ашады;

6) егер Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заңымен тікелей тыйым салынбаған болса, өз міндеттеріне сәйкес өз атынан басқа да банк операцияларын, сондай-ақ мәмілелерді жүзеге асырады;

7) сыртқы қарызды басқарудың мемлекеттік саясатына сәйкес банктер үшін шет елден кредит тарту көлеміне шектеулер енгізеді;

8) шарттың талаптары бойынша банктерді, заңды және жеке тұлғаларды қажетті талдамалық, баспалық және ақпарат материалдарымен қамтамасыз етеді, банк ісін ұйымдастыруда консультациялық және практикалық көмек және басқа да қ ы з м е т к ө р с е т е д і ;

9) Ұлттық Банк жүйесі үшін кадрлар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға қатысады. Банк ісіне оқыту жөніндегі үйлестіру кеңесі арқылы екінші деңгейдегі банктер үшін кадр даярлауға және қайта д а я р л а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қаржы министрлігіне банктік және басқа қызмет көрсететін жағдайлардан басқа кезде ақылы негізде банк операцияларын жасайды және басқа да қызмет көрсетеді;

11) Қазақстанның Ұлттық Банкі кредиттерді қамтамасыз етуге жарамды деп есептеген, өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын депозиттік сертификаттарды, борыштық бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

12) туынды қаржылық құралдармен операция жасайды;

13) чек жазып береді және вексель береді;

14) Қазақстан Республикасында төлем және ақша аударымын жүзеге асыру тәртібін, жүйесін және нысанын анықтайды, банктер арасында Қазақстан

теңгесімен ақша аударуды уақытылы және толассыз жүргізуді қамтамасыз ететін төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, банктер пайдаланатын автоматтандырылған жүйелердің және банктік ақпараттың қорғауының сенімділігін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ең аз талаптарды белгілейді;

14-1) елтаңбалық қағазды шығарумен байланысты қызметке лицензия береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған немесе әкелінген вексель қағазының қорғаныш дәрежесіне қойылатын талаптарды белгілейді;

15) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

1 6) < * >

Ескерту. 17-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен

18. Қазақстанның Ұлттық Банкі жыл сайын жылдық есепті Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынып отырады.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы және резервтері

19. Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы және резервтері жарғылық және резервтік капиталдардан, қайта бағалау есепшоттарынан, арнаулы провизиялардан (резервтерден), сондай-ақ жалпы провизиялардан (резервтерден) тұрады.

20. Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржылық жыл ішіндегі таза табысы активтердің, оның ішінде айналымға шығарылған банкноттар мен металл ақшаның амортизациясын қоса алғанда нақты кірістер мен осы қаржылық жылға жататын шығыстар (алтын-валюта активтерін қайта бағалау есепшотына жатқызылған жұмсалмаған кірістің пайда болған сомасын қоспағанда) арасындағы айырма ретінде айқындалады.

банк активтері бойынша құрылған жалпы провизиялар (резервтер) сомасына азайтылған Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін абсолюттік сомада жарғылық және резервтік капиталдар қалыптастыруға жұмсалады.

Нақты алынған таза кірістің қалған бөлігі келесі қаржы жылында республикалық бюджетке аударылады. Банк активтері бойынша құрылған жалпы провизиялар (резервтер) сомасына азайтылған Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығында көзделген жарғылық және резервтік капиталдар қалыптастыруға жетпеген жағдайда, пайда болған айырма республикалық бюджеттің қаражаты есебінен келесі қаржы жылында толықтырылатын болады.

21. Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы негізгі қорларды және одан алынған таза кірістерден бөлінген қаржыны, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты Қазақстан Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заңымен белгіленген мөлшерде беру жолымен қалыптасады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі өз балансындағы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік жүргізу құқығын Қазақстан Ұлттық Банкінің басқармасы белгілеген тәртіппен дербес жүзеге асырады.

Резервтік капитал Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітетін ережеге сәйкес жарғылық қор мөлшерінде құрылады, таза кіріс есебінен толықтырылады және жасалатын операцияларға байланысты шығынды өтеуге және зиянның орнын толтыруға ғана жұмсалады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің шығыстары есебінен күмәнді және үмітсіз талаптары бойынша кредиттерді, депозиттерді, бағалы қағаздарды, есеп айырысу кезіндегі шығындарды, есепшоттағы қалдықтарды және аяқталмаған құрылыс көлемін, Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық емес қызметі жөніндегі өзге де талаптарын және әлеуметтік сипаттағы төлемдерді қамтитын басқа да активтерді қоса, арнайы провизиялар (резервтер), ал бөлінбеген таза кіріс есебінен банк активтері бойынша жалпы провизиялар (резервтер) құрылады.

Алтын-валюта активтерін қайта бағалау есепшоты оларды қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған кірісті есепке алуға арналған. Бағалы қағаздарды, оның ішінде шетел валютасындағы ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар түріндегі қайта бағалау есепшоты олардың құнын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған кірісті есепке алу үшін қажет. Негізгі құрал-жабдықты қайта бағалау есепшоты Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі құралдарын индекстеу нәтижесін есепке алу үшін қажет.

Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтері Қазақстан теңгесінің ішкі және сыртқы тұрлаулылығын қамтамасыз ету үшін құрылады және пайдаланылады, әрі:

- 1) тазартылған алтыннан;
- 2) банкноттар мен металл ақша түріндегі шетел валютасынан және Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасында және шет елде сақтаулы жатқан есеп-шоттарындағы қаражаттан;
- 3) валюталық құндылықтардан
- 4) шетел үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және кепілдік берген бағалы қағаздардан;
- 5) шетел валютасындағы жай және аударым вексельдерінен;

б) мұндай активтердің өтімділігі мен сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда шетел валютасымен күшейтілген басқа да сыртқы активтерден құралады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығына және осы Ережеге сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен алтын-валюта активтері туралы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мақсаттарға пайдаланылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі алтын-валюта активтерінің құрылымын және олардың орналастырылуын белгілейді.

Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы және органдары.

Олардың қалыптасу тәртібі және құзыры

22. Қазақстанның Ұлттық Банкі сатылап бағыну жолындағы біртұтас орталықтанған құрылым болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің органдары Басқарма және Директорлар кеңесі (Директорат) болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымына департаменттерден және басқа бөлімшелерден тұратын орталық аппарат, филиалдар, өкілдіктер және ұйымдар кіреді.

Қазақстанның Ұлттық Банкі аудитті жүзеге асырады және орталық аппарат бөлімшелерінің, өз филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының қызметін тексереді.

23. Қазақстан Ұлттық Банкінің ең жоғарғы органы Басқарма болып табылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі Басқармасының құрамы тоғыз адамнан тұрады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі Басқармасының құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы және Қазақстан Ұлттық Банкінің бес лауазымды адамы, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан бір өкіл және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан екі өкіл кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан тағайындалатын мүшелерін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы тағайындайды және босатады.

24. Қазақстанның Ұлттық Банкі Басқармасының құзырына мыналар кіреді:

- 1) мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлеу;

1-1) бағалы қағаздар рыногын және жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы басым бағыттарды белгілеу;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінің банк және сақтандыру қызметіне, сондай-ақ заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге де қызмет түрлеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерін және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілерін бекіту;

3) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттардың және металл ақшаның нақты құны мен дизайнын белгілеу;

4) Қазақстанның Ұлттық Банкі банктермен жасайтын операциялары бойынша қайта қаржыландырудың ресми ставкасын белгілеу;

5) банктер ашуға рұқсат беру және оны қайтарып алу туралы шешімдер қ а б ы л д а у ;

6) қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін ломбардтарға, уәкілетті ұйымдарға берілетін лицензиялардан басқа, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар беру, олардың қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы, банк заңдарында көзделген өзге де санкциялар қолдану туралы шешім қабылдау;

6-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің банктің және (немесе) банктік холдингінің ірі қатысушысының акцияларын сенімді басқаруын жүзеге асыруы жөнінде, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша - банктер кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасының банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және капиталының теріс мөлшері бар екінші деңгейдегі банктердің акцияларын кейіннен жаңа инвесторларға міндетті түрде тез арада сату шарттарымен мәжбүрлеп сатып алу туралы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а у ;

7) банктерді ерікті түрде қайта құруға және таратуға рұқсат беру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

8) банк қызметінің аудитін жүргізуге лицензия беру және оның күшін жою т ә р т і б і н б е л г і л е у ;

9) банктер үшін нормативтік, резервтік талаптарды бекіту;

10) алтын-валюта активтерін басқарудың негізгі принциптерін анықтау;

11) Қазақстан Республикасы валютасының айырбастау бағамын анықтау т ә р т і б і н б е к і т у ;

12) Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті қарау, қабылдау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсыну;

13) тауар (жұмыс және қызмет) экспортынан шетел валютасымен түсетін түсімді міндетті түрде сату режимін енгізу және оны жою туралы шешім қ а б ы л д а у ;

14) Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері

туралы жылдық балансты және есепті қарау мен бекіту;

15) Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық және резервтік капиталдарын қалыптастыру, негізгі құрал-жабдықтарын және өзге мүлкін, бюджетті (шығыстар сметасын) пайдалану, ақылы қызмет көрсету тәртібі туралы Қазақстан Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерін бекіту, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің департаменттерінің директорларын, филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының басшыларын бекіту;

16) қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес пруденциалдық нормативтерді және банктер, банктік топтар мен басқа ұйымдар орындауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бекіту;

17) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның филиалдарының, өкілдіктері мен ұйымдары қызметкерлерінің еңбек жағдайын, оған ақы төлеу жүйесі мен мөлшерін, әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету шарттарын белгілеу және бекіту;

18) Қазақстанның Ұлттық Банкі Төрағасының лауазымдық жалақысын белгілеу;

19) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық және өзге де ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

20) Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің (Директораттың) құрамын бекіту;

2 1) < * >

22) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі реттейтін және қадағалайтын ұйымдар үшін бухгалтерлік есептің үлгі шоттары жоспарын, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ уәкілетті органмен келісім бойынша бухгалтерлік есеп стандарттарын және оларға әдістемелік ұсынымдарды бекіту;

2 3) < * >

2 4) < * >

25) ішкі активтерге шетел қатысатын банктер орналастыратын қаражаттың тәртібін және көлемін бекіту;

26) банк операцияларын және сақтандыру қызметін лицензиялау тәртібін бекіту;

2 7) < * >

28) банктердің қызметін доғару және банктің уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау туралы шешім қабылдау;

29) банк болып саналмайтын заңды тұлғалардың Қазақстан Ұлттық Банкінде банктік есепшоттарын ашу шарттарын белгілеу;

30) жеке және заңды тұлғалардың банктің және банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуға шешім қабылдау;
3 1) < * >

32) Қазақстан Ұлттық Банкінің уәкілетті адамдарының банк қызметіне байланысты әкімшілік-құқық бұзушылық туралы материалдарды ресімдеу және қарау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

32-1) мыналардың тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді б е к і т у :

бағалы қағаздар эмиссияларын мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерді қарау, бағалы қағаздар эмиссияларын жарамсыз деп тану және акциялар эмиссияларының күшінің жою; < * >

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында орналастыруға және айналысқа жіберуге рұқсат беру ;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті, бағалы қағаздармен жасалатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметін және заңнамаға сәйкес лицензияланатын бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар беру және қайтарып алу, осындай лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және жаңарту;

зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және басқа институционалдық инвесторлардың инвестициялық қызметін жүзеге асыру;

зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы қызметкерлерінің лауазымдарына кандидатураларды келісу;

бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру және қайтарып алу, осындай рұқсаттардың қолданылу мерзімін тоқтата тұру, жаңарту және ұзарту;

бағалы қағаздар рыногында жұмыс істегісі келетін жеке тұлғаларға біліктілік куәліктерін беру, сондай-ақ біліктілік куәліктерінің иелеріне санкциялар қолдану ;

таратылатын мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, зейнетақы шарттары бойынша оның міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беру;

мемлекеттік кәсіпорындарға және акциялар пакеті немесе мемлекеттің үлесі бар ұйымдарға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына олардың құрылтайшылары және акционерлері ретінде қатысу үшін рұқсат беру;

жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы лауазымдарына үміткер азаматтардың біліктілік емтихандарын тапсыру;

алушылардың жеке шоттарындағы зейнетақы қаражатын есепке алу және

зейнетақы жарналарын есепке алудың дұрыс жүргізілуіне және жинақтаушы зейнетақы қорлары алушыларының жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық кірістің есептелуіне бақылауды жүзеге асыру;

бағалы қағаздар рыногының объектілерін туынды бағалы қағаздар деп тану, туынды бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, туынды бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерді қарау, шығарылған туынды бағалы қағаздарды жарамсыз деп тану; <*>

3 2 - 2) м ы н а л а р :

азаматтық құқық объектілерін бағалы қағаздар деп тану;

бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің белгілі түрлерін кәсіби деп тану;

бағалы қағаздар рыногында нақты ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар рыногында кастодиан қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиялар беру және қайтарып а л у ;

ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі кезеңінде дауыс құқығы бар акцияларының 25 процентінен астамына тікелей немесе жанама ие болу, билік ету және/немесе басқару құқығын жүзеге асыруға рұқсат беру;

зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша лицензияларды беру, қайтарып алу және күшін тоқтата тұру;

мемлекеттік кәсіпорындарға және акциялар пакеті немесе мемлекеттің үлесі бар ұйымдарға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына олардың құрылтайшылары және акционерлері ретінде қатысу үшін рұқсат беру туралы ш е ш і м

қ а б ы л д а у ;

3 2 - 3) м ы н а л а р д ы :

қаржы тұрақтылығының өлшемдерін, қаржы тұрақтылығының өлшемдерін есептеу әдістемесін және қолдану принциптерін, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін қаржы тұрақтылығы өлшемдерінің шекті м ә н д е р і н ;

бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті және қызметтің лицензияланатын басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін;

бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық және басқа да есеп беру тізбесін, нысандарын, табыс ету және жариялау мерзімін;

жинақтаушы зейнетақы қорларының сақталуға тиісті негізгі құжаттарының тізбесін және олардың сақталу мерзімін белгілеу;

3 2 - 4) м ы н а л а р ғ а :

бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды жасау шарттарына және тәртібіне, осы

операцияларды есепке алуға және олар бойынша есеп беруге қойылатын талаптарды ;

Қазақстан Ұлттық Банкінің рұқсаты негізінде бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды дайындау жөнінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу;

33) бағалы қағаздар рыногында клиринг қызметін жүзеге асыруға лицензия беру туралы шешім қабылдау ;

33-1) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына сақтандыру қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін, сақтандыру рыногындағы актуарийлік қызметке, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының аудитін жүзеге асыру құқығына лицензиялар береді ;

33-2) сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу, сақтандыру қызметі туралы заңдарда көзделген санкциялардың өзге де түрлерін қолдану туралы шешімдер қабылдайды ;

33-3) активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша оларды сыныптау ескеріле отырып, есептелген құны мен міндеттемелері арасында теріс айырма бары анықталған жағдайда, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының акцияларын олардың акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алып, оларды сақтандыру мен қайта сақтандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерді орындауға кепілдік беретін талаптармен сатып алуға тілек білдірген жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдайды ;

33-4) елтаңбалық қағазды шығарумен байланысты қызметке лицензия беру туралы шешім қабылдау ;

33-5) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежесіне қойылатын талаптарды бекіту ;

34) банктер мен басқа ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкі берген кредиттер бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі алдындағы берешектерінің құрылымын қайта жасау талаптарын белгілеу ;

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Қазақстан Ұлттық Банкінің құзырындағы кез келген мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқылы ;

34-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын және Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережені қарау, мақұлдау және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсыну .

Ескерту. 24-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен

Ескерту. 24-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен .

Ескерту. 24-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен

Ескерту. 24-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен

Ескерту. 24-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.12.29. N 1009 жарлығымен.

25. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілісі қажет болғанына қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіліп тұрады. Басқарманың мәжілісін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, ал ол жоқ кезде, орнында қалған адам жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілісі кез келген күні, тіпті демалыс және мереке күндері және тәуліктің кез келген мезгілінде өткізілуі мүмкін. Басқарма мәжілісі өтетін орынды Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам белгілейді.

Басқарманың мәжілісі қажетіне қарай бірнеше күн бойы өткізілуі (жалғасуы) мүмкін. Мұндай жағдайда Басқарма мәжілісінің соңғы күні шешім қабылданған күн болып саналады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам немесе Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірі аса шұғыл және маңызды мәселелерді талқылау үшін Басқарманың кезектен тыс мәжілісін өткізуді талап етуге құқылы.

Басқарманың мәжілісіне нақты мәселе бойынша қатысатын адамдардың (Басқарма мүшелерінен басқаларының) санын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы белгілейді.

Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам міндетті түрде қатысқан жағдайда Басқарманың қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Қазақстанның Ұлттық Банкі Төрағасының даусы шешуші болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі сұрау салу арқылы да қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бір апта мерзімнен кешіктірмей Басқарманың шешімін қайта талқылау және дауысқа салу үшін өзінің келіспейтін пікірімен бірге қайтаруға құқылы. Егер Басқарма бұрын қабылданған шешімді өз мүшелерінің жалпы санының үштен екі даусымен қуаттаса, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы шешімге қол қояды.

Басқарманың кейбір мүшелерінің тұрақты жұмыс орны мен Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының тұрған орны бір жерде болмауы мүмкін екенін ескере отырып, сондай-ақ Басқарманың кейбір мүшелері қызмет бабындағы іссапарда жүрген немесе олар басқа да дәлелді себеппен болмай

қалған жағдайларда талқыланатын мәселелерді олармен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы телефон немесе басқа байланыс құралдары арқылы келісуі мүмкін. Қабылданған шешім бойынша олардың өз айқындамасын соңынан қуаттауы Басқарманың қаулысына қол қойған кезде ресімделеді.

Басқарма өз құзырына жататын мәселелер бойынша қаулы қабылдайды.

Басқарма мәжілісінде талқыланатын мәселе бойынша Басқарма мүшелері түбегейлі келіспеушілік білдірсе, олар оны Басқарма мәжілісі басталғанға дейін жазбаша білдірген болса және осы мәжіліс басталғанға дейін қайтарып алмаған болса, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының немесе оның орнында қалған адамның шешімімен Басқарма мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Мұндай жағдайда Басқарма мәжілісі хатшысының қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының кез-келген мүшесіне немесе Қазақстан Ұлттық Банкінің басқа бір қызметкеріне жүктеп алады.

Басқарма мәжілісіне енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдар Қазақстан Ұлттық Банкінің тікелей қаулының шығарылуына (ресімделуіне) жауап беретін бөлімшесіне тапсырылады, ол мұны алдын ала қарау үшін Басқарма мәжілісі басталардан кемінде бес күн бұрын Басқарма мүшелеріне жолдайды. Басқарма Төрағасы материалдарды алдын ала қараудың бұдан да қысқа мерзімін белгілеуге құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының жұмыс тәртібі оның Регламентімен белгіленеді.

26. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Парламенттің келісуімен 6 жыл мерзімге тағайындайды.

Төраға Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан жұмыс жүргізеді және мемлекеттік органдармен, банктермен, қаржылық, халықаралық, шетелдік және басқа ұйымдармен қатынастарда сенімхатсыз Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі болады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қызметтен кету туралы өтінішін Қазақстан Республикасының Президентіне екі ай бұрын жазбаша түрде беріп, қызметінен кетуге құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын қызметтен Қазақстан Республикасының Президенті босатады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы үшін жауап береді.

27. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығында және Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы үшін осы Ережеде айтылған өкілеттіктерден басқа Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысына

байланысты барлық мәселелер бойынша жедел және атқарушы-нұсқаушы шешімдер қабылдау өкілеттігіне ие, оның ішінде:

1) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының және Директорлар кеңесінің мәжілісін жүргізеді;

2) заң актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының және Директорлар кеңесінің қаулылары негізінде және/немесе оларды орындау үшін Қазақстан Ұлттық Банкі жұмысының мәселелері бойынша бұйрық және өкім шығарады, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының және Директорлар кеңесінің қаулыларына қол қояды;

3) республикада және шет елдерде банк және сақтандыру жұмысының барлық мәселелері бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногын және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі бола алады;

4) Қазақстан Ұлттық Банкінен сайланған Басқарма мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындауы үшін Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлығына үміткерлерді ұсынады;

6) Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымдық номенклатурасын бекітеді;

7) бекітілген номенклатураға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды адамдарын тағайындайды және оларды қызметтен босатады, көзге түскен қызметкерлерді көтермелейді, тәртіптік шаралар қолданады;

8) Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы орынбасарларының атқаратын міндеттерін бөледі, өз орынбасарларының және Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының, құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының, өкілдіктері мен ұйымдары басшыларының тапсырылған учаскедегі істің жай-күйі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Ұлттық Банкінің жалпы штат саны негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының, филиалдарының, өкілдіктерінің штат кестесін бекітеді;

10) банк немесе сақтандыру заңдарына сәйкес құрылатын Қазақстан Ұлттық Банкінің біліктілік комиссиясының құрамын бекітеді;

11) жоғары кәсіптік біліктілігі бар және аса маңызды міндеттер атқаратын жекелеген қызметкерлерге жеке лауазымдық жалақы немесе лауазымдық жалақысына қоса дербес үстеме ақы белгілейді;

12) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық мүлкі мен қаражатына иелік етеді, Қазақстан Ұлттық Банкі атынан сенімхат береді, міндеттемелерге қол қою және сенімхат беру тәртібін белгілейді;

13) Қазақстан Ұлттық Банкі атынан шарттар (келісімдер, контрактілер)

ж а с а й д ы ;

14) Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерін, филиалдарын, өкілдіктері мен ұйымдарын тексеру және аудит жүргізу нәтижелерін қарайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы (немесе Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және сақтандыру ұйымдарының және сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына әкімшілік айып салу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол тиісті қаулы түрінде ресімделеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы өз құзырындағы жекелеген мәселелерді шешуді өзінің орынбасарларына, Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларына тапсыруға құқылы.

14-1) лицензиаттың атауы, орналасқан жері өзгерген жағдайларда заңдарға сәйкес Ұлттық Банк берген лицензияларды қайта ресімдеу туралы шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 27-тармақ өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен.

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен

Ескерту. 27-тармақ толықтырылды - ҚР Президентінің 2002.05.17. N 872 жарлығымен.

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен

28. Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарларын Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының тағайындалу мерзіміне қарамай 6 жыл мерзімге тағайындайды.

Төрағаның орынбасарлары сенімхатсыз Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі болады, өз құзыры шегінде құжаттарға қол қояды және сотта іс қаралған кезде және басқа мәселелер бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің қатысуы үшін сенімхат береді.

Төрағаның орынбасарларын Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары екі ай бұрын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы арқылы Қазақстан Республикасының Президентіне

жазбаша өтініш беріп, қызметтен кете алады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес және өздеріне бөлінген қызметтік міндеттер негізінде мәселе қарайды және шешім қабылдайды.

Ескерту. 28-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен.

29. Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің жедел басқару органы болып табылады және Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасы мен Төрағасының (немесе оның орынбасарларының) құзырына кіретін мәселелерден басқа Қазақстан Ұлттық Банкінің құзырындағы мәселелер жөнінде шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуымен оның орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі банктерге, олардың ірі қатысушыларына және банктік холдингтерге Қазақстанның Ұлттық Банкі Басқармасының өкілеттігіне жатқызылмаған санкциялардың кейбір түрлерін, сондай-ақ банк заңдарында көзделген ықпал етудің басқа да шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің мәжілістері қажетіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіп тұрады. Директорлар кеңесінің мәжілісін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, ал ол жоқ кезде, оның орнында қалған адам жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің мәжілістері кез келген күні, тіпті демалыс және мереке күндері және тәуліктің кез келген мезгілінде өткізілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің мәжілісі өтетін орынды Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам белгілейді.

Директорлар кеңесінің мәжілісі қажетіне қарай бірнеше күн бойы өткізілуі (жалғасуы) мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі мәжілісінің соңғы күні шешім қабылданған күн болып саналады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірі аса шұғыл және маңызды мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің кезектен тыс мәжілісін шақыруды талап етуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне нақты мәселе бойынша қатысатын адамдар тобын (Директорлар кеңесі мүшелерінен басқаларын) Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы белгілейді, Директорлар кеңесінің шешімдерін мәжілісте де, сауалнама

жолымен де қабылдауға болады. Шешім мәжілісте Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам міндетті түрде қатысқан жағдайда Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының даусы шешуші болып табылады. Сауалнама жолымен қаралатын мәселелер жөніндегі шешім Директорлар кеңесі құрамының жалпы саны дауысының үштен екісімен қабылданады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бір апта мерзімнен кешіктірмей Директорлар кеңесінің шешімін қайта талқылау және дауысқа салу үшін өзінің келіспейтін пікірімен бірге қайтаруға құқылы. Егер Директорлар кеңесі қабылданған шешімді жалпы дауыс санының үштен екісімен қуаттаса, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы шешімге қол қояды.

Жекелеген жағдайда кейбір мәселелердің жедел шешілу қажеттігін ескере отырып, шешім сауалнама жолымен қабылданады, ал Директорлар кеңесінің кейбір мүшелері қызмет бабындағы іссапарда жүрген немесе олар басқа да дәлелді себептермен болмай қалған жағдайларда, талқыланатын мәселелер олармен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы телефон немесе басқа байланыс құралдары арқылы сөйлесуі жолымен келісілуі мүмкін. Қабылданған шешім бойынша олардың өз айқындамасын соңынан қуаттауы Директорлар кеңесінің қаулысына қол қоюмен ресімделеді, ал оларда түбегейлі келіспеушілік болған жағдайда, қаулыға ескертпе түрінде ресімделеді.

Директорлар кеңесі өз құзырына жататын мәселелер бойынша қаулы қ а б ы л д а й д ы .

Директорлар кеңесінің мәжілісінде талқыланатын мәселе бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері түбегейлі келіспеушілік білдірсе, олар оны Директорлар кеңесінің мәжілісі басталғанға дейін жазбаша білдірген болса және осы мәжіліс басталғанға дейін қайтарып алмаған болса, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының немесе оның орнында қалған адамның шешімімен Директорлар кеңесінің мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесі мәжілісі хатшысының қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің кез келген мүшесіне немесе Қазақстан Ұлттық Банкінің басқа бір қызметкеріне жүктей алады.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне енгізілетін мәселелер жөніндегі материалдар Қазақстан Ұлттық Банкінің тікелей қаулының шығарылуына (ресімделуіне) жауап беретін бөлімшесіне тапсырылады, ол мұны алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің мәжілісі басталардан кемінде бес күн бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдайды. Қазақстан Ұлттық Банкінің

Төрағасы материалдарды алдын ала қараудың бұдан да қысқа мерзімін
б е л г і л е у г е қ ұ қ ы л ы .

Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібі оның Регламентімен белгіленеді.

Ескерту. 29-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

30. Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі:

1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы негізінде Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппараты бөлімшелерінің, филиалдарының, өкілдіктерінің құрылымын, олар туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жарғыларын бекітеді;

2) Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары басшыларының есебін тыңдайды;

3) "репо", "кері репо" операциялары, "овернайт" займдары, күндізгі займдар бойынша" сыйақының (мүдденің) ресми ставкаларын және ресми есептік (дисконттік) ставканы белгілейді;

4) банктердің филиалдарын Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде, өкілдіктерін Қазақстан Республикасының аумағында, ал резидент банктер үшін республика аумағынан тыс жерде ашуға (оларды біріктіруге) к е л і с і м б е р е д і ;

5) қолданылып жүрген заңдармен Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының өкілеттіктеріне жатқызылмайтын санкцияның кейбір түрлерін банктерге қолдану ж ө н і н д е ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

6) Қазақстан Ұлттық Банкінің құзырындағы мәселелер бойынша банктерді тексеру нәтижесін қарауға құқылы;

7) қажет болғанда шоғырландырылған банктік және сақтандыруды қадағалауды жүзеге асырумен, сондай-ақ банктердің, сақтандыру ұйымдары мен қайта сақтандыру ұйымдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдардың жұмысын реттеу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі қызметін және өкілеттігін атқарумен байланысты қолданылып жүрген заңдарда Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының және Төрағаның өкілеттігіне жатқызылмаған басқа да мәселелерді қарайды;

8) Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының бөлімшелеріне, филиалдарына және өкілдіктеріне бюджетті (шығыстар сметасын) бөледі;

9) Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының бизнес-жоспарын және еңбекақы т ө л е у қ о р ы н б е к і т е д і ;

10) Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдарын құру, қайта құру және тарату жөнінде, Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу ж ө н і н д е ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

11) Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекіткен номенклатураға сәйкес

Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды адамдарын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

12) қажет болғанда Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының қарауына енгізілген мәселелерді алдын ала қарайды;
1 3) < * >

14) Қазақстан Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген қызметті жүзеге асыруына көмектесетін және (немесе) қаржы рыногы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын ұйымдардың құрылуына және оның қызметіне қатысу туралы мәселені шешеді;

15) ломбардтарға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдайды; <*>

16) лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және ломбардтардың банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияларын қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;
1 7) < * >

18) ломбардтар, кредит серіктестіктерін ашуға рұқсат беру жөнінде және оны қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

19) ломбардтардың, кредит серіктестіктерінің өз еркімен қайта құрылуына және таратылуына рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайды;

20) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өз еркімен қайта құрылуына рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайды;

20-1) бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру талаптарын және тәртібін белгілейді;

2 0 - 2) м ы н а л а р :

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында орналастыруға және айналысқа жіберуге рұқсат беру;

бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру мен жаңарту және бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді (бағалы қағаздардың айналысы) тіркеу, бағалы қағаздар эмиссиясын өткізілмеді деп тану;

осы Ереженің 24-тармағының 32-2) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру және қайтарып алу;

бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияларды тоқтата тұру және жаңарту;

бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру және қайтарып алу, мұндай рұқсаттың қолданылу мерзімін тоқтата тұру, жаңарту және ұзарту;

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметкерлеріне, бағалы

қағаздармен - сауда-саттық ұйымдастырушыларға және жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлеріне біліктілік куәліктерін беру, қолданылуын тоқтата тұру, қайтарып алу және жаңарту туралы шешім қабылдайды"

20-3) заңнамада көзделген жағдайларда бағалы қағаздар эмитенттерінің есептерін бекіту туралы бұрын қабылданған шешімдерді өзгертуге құқылы;

20-4) Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілетін лицензиялар мен рұқсаттар тізілімін жүргізу тәртібін белгілейді;

20-5) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарынан және инвестициялық кірістен процент түрінде алатын комиссиялық сыйақылардың шектеулі көлемін белгілейді;

20-6) мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға және корпоративтік түрден ашық түрге өзгертуге, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде таратуға рұқсат береді;

20-7) жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдарын және өкілдіктерін ашуға келісім береді;

21) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын құруға, оларға бақылау жасау құқығын иеленуге, олардың ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы мен таратылуына, меншік құқығын немесе дауыс беретін акциялардың жалпы санынан бес проценттен астам дауыс беретін акцияларды басқару құқығын иеленуге рұқсат береді, Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім береді;

22) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайлары мен жабдығына қойылатын талаптарды бекітеді;

23) Қазақстанның Ұлттық Банкі көрсететін қызмет түрлерін және ақы мөлшерін бекітеді;

24) банктердің бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына келісім береді;

24-1) банктердің еншілес ұйымдарын құруға, сондай-ақ банк тура (тікелей) немесе жанама (басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы) дауыс беретін акциялардың (қатысу үлесімен) елу процентінен астамын иеленетін немесе сонша акциямен дауыс беру мүмкіндігі бар заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға, сондай-ақ банктер олардың арасында жасасылған шарт күшінде (не өзгеше түрде) заңды тұлғалардың қабылдайтын шешімдерін айқындауға мүмкіндік алуға келісім береді";

25) жыл сайын банктердің жылдық есептерін, сондай-ақ басқа да қаржылық есебін жариялау стандарттарын бекітеді;

26) оффшорлық деп танылған аймақтардың тізбесін бекітеді;
27) еншілес банктер ашқан кезде негізгі рейтинг агенттіктерінің және ең аз талап етілетін рейтинг тізбесін бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Директорлар кеңесінің құзырындағы кез келген мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқылы.

Ескерту. 30-тармақ өзгерді және 21)-27)-тармақшалармен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.05.20. N 400 жарлығымен.

Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен

Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.08.21. N 668 жарлығымен

Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен

31. Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының бөлімше басшысы өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітетін осы бөлімшелер туралы ережелер негізінде жүзеге асырады.

5. Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары

32. Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары (бұдан әрі - филиал) Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің шешімімен ашылады, өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады, Қазақстан Ұлттық Банкінің бірыңғай орталықтанған сатылап бағыну құрылымына кіреді және оған есеп береді.

33. Филиалдың Қазақстан Ұлттық Банкі бекіткен құрылымына сәйкес филиалдың құрамына бөлімдер және басқа да бөлімшелер кіруі мүмкін. Филиалдың бөлімдерін және басқа да бөлімшелерін құру және тарату тәртібі, сондай-ақ олардың өкілеттігі мен құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережеде белгіленеді.

34. Филиал өз қызметінде мемлекеттік өкіметтің жергілікті органдарынан тәуелсіз және мемлекеттің міндеттемелері бойынша, оған ондай жауапкершілікті Қазақстан Ұлттық Банкі жүктеген жағдайлардан басқа кезде жауап бермейді. Қазақстан Ұлттық Банкі филиалдың міндеттемелері бойынша жауап береді.

35. Филиал өз қызметінде қолданылып жүрген заңдарды, Басқарманың және Директорлар кеңесінің нормативтік құқықтық актілерін, қаулыларын, Қазақстан Ұлттық Банкінің бұйрықтарын, өкімдерін, осы Ережені және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережені басшылыққа алады.

36. Филиалды ашу және жабу тәртібі, оның қызметінің міндеттері және функциялары, филиал органының құзыры Қазақстан Республикасының

қолданылып жүрген заңдарымен, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережемен белгіленеді.

37. Филиалдың жұмысына Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын оның Директоры басшылық етеді. Филиалдың Директоры өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің бас сенімхаты негізінде жүзеге асырады.

38. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттері мен функцияларын қамтамасыз ету үшін қажетті аумақтық филиалдар не басқа да филиалдар ашуға құқылы.

6. Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері

39. Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ашылады, Қазақстан Ұлттық Банкінің бірыңғай орталықтандырылған жүйесіне кіреді және Қазақстан Ұлттық Банкі олар үшін белгілеген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Ұлттық Банкінің мүддесін қорғайды және өкілдік етеді.

40. Өкілдіктерді ашу, жабу тәртібі, олардың өкілеттіктері және құқықтық мәртебесі Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері туралы ережеде белгіленеді.

7. Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары

41. Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары (бұдан әрі - ұйымдар) заңды тұлғалар болып табылады, мемлекеттік, оның ішінде республикалық кәсіпорындар түрінде құрылады және қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс.

42. Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдарын құру, қызметін тоқтату және құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешімді Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі қабылдайды.

43. Ұйымның жарғысын Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітеді.

44. Қазақстан Ұлттық Банкі өзі құратын ұйымдарға қатысы бойынша уәкілетті орган, сондай-ақ олардың құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді қоса алғанда, мемлекеттік меншік құқығының субъекті қызметін жүзеге асыратын орган ретінде танылады.

45. Ұйымдарды және олардың органдарын құру, қайта құру, тарату тәртібі, қызметінің мәні мен мақсаты, құқықтық мәртебесі мен жарғылық құзыры Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында, олардың

жарғыларында, осы Ережеде және Қазақстан Ұлттық Банкінің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

8. Қазақстан Ұлттық Банкінің есебі және қызметін тексеру

46. Қазақстан Ұлттық Банкі жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне жылдық есеп беріп отырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі келісілген мерзімде Қазақстан Республикасының жинақталған қаржы балансын жасау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы жылдық баланс пен есеп береді.

47. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы тағайындайтын тәуелсіз аудиторлық ұйым жыл сайын тексеріп отырады. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметін басқа кез келген мемлекеттік органның тексеруі тек қана Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен немесе тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

9. Қорытынды ережелер

48. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының тиісті Заңын қабылдау жолымен таратылуы мүмкін. Қазақстан Ұлттық Банкі таратылған жағдайда, мүлкі тиісті Заңда көрсетілген құқықтық мұрагеріне беріледі.

49. Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің, банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және олардың құрылтайшыларының (қатысушыларының), заңды және жеке тұлғалардың арасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығын орындау жөнінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің 1999 жылғы
11 тамыздағы
№ 188 Жарлығына
№ 2 қосымша

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2001.04.18. N 587 жарлығымен.

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2001.07.11. N 654 жарлығымен.

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2002.05.17. N 872 жарлығымен.

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.15. N 924 жарлығымен.

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 2002.12.29. N 1009 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы жалпы штаттық саны 3330 адам

| | | Құрылымдық бөлімшелердің атауы | | P |
|-------------|---|--------------------------------|---|---|
| /с! | | N | ! | |
| -----!----- | | | | |
| 1 | ! | | | 2 |
| -----! | | | | |

1. Орталық аппарат

1. Зерттеу және статистика департаменті
- 1-1. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті
2. Заң департаменті
3. Монетарлық операциялар департаменті
4. Бухгалтерлік есеп департаменті
5. Қаржы қадағалау департаменті"
- 5 - 1 . < * >
- 5 - 2 . < * >
- 6 . < * >
7. Ақпарат технологиясы департаменті
8. Ішкі аудит департаменті
9. Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті
10. Шаруашылық басқармасы
- 10-1. Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы
11. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы
12. Халықаралық қатынастар басқармасы

12-1. Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі
б а с қ а р м а

13. Төлем жүйесі басқармасы
14. Операция басқармасы
15. Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы
16. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату процесін бақылау басқармасы
17. < * >
18. Қауіпсіздік басқармасы < * >
19. Үйлестіру басқармасы (Астана қаласы) < * >
20. Бірінші бөлім < * >

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары

1. Орталық филиал (Астана қаласы)
2. Алматы филиалы (Алматы қаласы)
 - 2-1. Алматы облыстық филиалы
 - 2-2. Ақмола филиалы
3. Ақтөбе филиалы (Ақтөбе қаласы)
4. Атырау филиалы (Атырау қаласы)
5. Шығыс Қазақстан филиалы (Өскемен қаласы)
6. Жамбыл филиалы (Тараз қаласы)
7. Батыс Қазақстан филиалы (Орал қаласы)
8. Қарағанды филиалы (Қарағанды қаласы)
9. Қостанай филиалы (Қостанай қаласы)
10. Қызылорда филиалы (Қызылорда қаласы)
11. Маңғыстау филиалы (Ақтау қаласы)
12. Павлодар филиалы (Павлодар қаласы)
13. Солтүстік Қазақстан филиалы (Петропавл қаласы)
14. Оңтүстік Қазақстан филиалы (Шымкент қаласы)
15. Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал) (Алматы қаласы)
16. Банкнот фабрикасы (филиал) (Алматы қаласы)

3. Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің ұйымдары

1. "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқы бар Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (Алматы қаласы)
2. "Банктік сервис бюросы" шаруашылық жүргізу құқы бар Республикалық

мемлекеттік кәсіпорын (Алматы қаласы)

2-1. Алматы облыстық филиалы

2 - 2 . А қ м о л а ф и л и а л ы

3. "Қазақстан ақша сарайы" шаруашылық жүргізу құқы бар Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (Өскемен қаласы)

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің автобазасы" шаруашылық жүргізу құқы бар Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (Алматы қ а л а с ы)

5. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы ғимараттарды пайдалану орталығы" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (қазыналық кәсіпорын). <*>

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ресей федерациясындағы өкілдігі (Москва қаласы)